



КАЗАЛЫ

№24
(2299)
Сәрсенбі
9 сәуір
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

КАЗАЛЫ ВАГОН ЖӨНДЕУ ДЕПОСЫНДА ЖАҢА ЦЕХ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қазалы ауданындағы «Қамқор вагон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазалы вагон жөндеу депосында «Вагон-доңғалақтарын жөндеу шеберханасы» цехы ашылды.

Кәсіпорындағы жаңа цехтың іске қосылуына орай арнайы шара өткізіліп, теміржол саласының қызметкерлері мен ардагерлері марапат төрінен көрінді.

Өндіріс орнында өткен шараға ҚТЖ «Жүк тасымалы» АҚ-ның атқарушы директоры Қайраткен Сағатұлы мен «Қамқор вагон» ЖШС-нің бас директоры Сәкен Көптілеуұлы және еліміздің өзге де өңірлеріндегі теміржол мекемелерінің басшылары



қатысты.

Бүгінде өңірдегі теміржол саласында елдің игілігіне бағытталған ауқымды жобалар

жүзеге асырылуда. Мәселен, биыл Қазалы ауданындағы тарихи ғимарат – теміржол вокзалына күрделі жөндеу жұмыстары

жүргізіледі. Вокзал жанындағы теміржол үстінен өтетін жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы басталды.

Мұнан бөлек, аудан тарихында алғаш рет «Ақтөбе-Қазалы» бағытындағы жаңа жолаушылар пойызы қатынай бастады.

Біздің өңіріміздегі шойын жол бойындағы ұжымдардың қол жеткізген өзге де табыстары жетерлік. Республиканың әр аймағынан алынған тапсырыстар уақытылы орындалып, қызметкерлер жемісті еңбек етуде. Алдағы уақытта да экономиканың күретамыры саналатын теміржол саласында елдің игілігіне бағытталған жемісті жұмыстар жалғасын таба бермек.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРІСТЕН ӨТТІ



Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл толып отыр.

Қызылорда облысында 2 Ұлы Отан соғысының ардагері тұрады. Қазалы және Сырдария аудандарының дәрігерлері қос қарияның денсаулығын үнемі бақылап отырады. Ардагерлердің үйіне ақ халаттылар арнайы барып, соғыс ардагерін медициналық тексерістен өткізді. Ардагерлер медицина саласы қызметкерлеріне алғыстарын айтып, ақ батасын берді.

Ұлы Отан соғысының ардагері Тасыров Яхия 1922 жылы Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы, Қараөзек елді мекенінде дүниеге келген.

Ташкенттегі тоқымашылар оқуын оқып, 1940 жылы тоқыма фабрикасына шебердің көмекшісі болып жұмысқа орналасқан. 1941 жылдың аяғында Ташкент облысы, Фрунзе аудандық әскери комиссариатының шақыруымен әскерге алынған. Омбы қаласында алғашқы әскери дайындықтан өтіп, 1942 жылдың қазан айында майданға жіберілген. Соғыс жылдарында Сталинградты, Курскіні, Барановты, Польшаны жаудан азат етуге қатысқан. Данцинг портында аяғынан ауыр жараланды. Соғысты Германияда аяқтап, 1945 жылы қыркүйек айында елге оралған. «Қызыл

жұлдыз», «Ұлы Отан соғысы» I, II-дәрежелі ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», Ұлы Жеңістің 40, 50, 60 жылдығы медальдарымен марапатталған.

Сырдария ауданының «Құрметті азаматы», ардақты ардагер жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мақсатында ауданда өткізілетін іс-шараларға қатысып, жас ұрпақтың тәлім-тәрбиелі болуына өз үлесін қосып келеді.

Ұлы Отан соғысының ардагері Тобабергенұлы Тілеуберген 1924 жылы Қазалы ауданы, Жамбыл колхозында дүниеге келген. 1942 жылы Отан алдындағы борышын өтеуге шақырылған бозбала Ташкент қаласында әскери дайындықтан өтеді. Мәскеу іргесіндегі Смоленск қаласына әскери эшalonмен келіп, 150-зеңбіректі атқыштар полкінде қолына қару ұстап, майдан даласындағы ұрыстарға қатысқан. Бір жылдан кейін 291-атқыштар полкі құрамына жіберіліп, Белоруссияны, Польшаны, Чехословакияны, Калининград қаласын жаудан азат етуге қатысты. Маршал Г.Жуков басшылық ететін армияның 158 гвардиялық полктің 28-ші автомат ротасы сапында Отан алдындағы борышын өтеп,

бірнеше рет батылдығымен көзге түсті.

Қатардағы жауынгер 1945 жылдың 9 мамырында Ұлы Жеңіс күнін Берлин қаласында қарсы алып, соғыстан кейін неміс-фашист басқыншыларының тұтқынға алынған жауынгерлерін күзетуге қалдырылған. Туған жерге 1947 жылы тамыз айының аяғында оралғаннан бастап зейнет жасына дейін теміржол саласында абыройлы қызмет еткен.

Қарт майдангер I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Берлинді азат еткені үшін», 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында «Германияны жеңгені үшін», «Жуков» медалімен, «Беларуссияның неміс-фашист басқыншыларынан азат етілгеніне 60 жыл», «Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін», «СССР Қарулы Күштеріне-70 жыл», Ұлы Жеңістің 20,25,30,40,50,60,65 жылдығы, «Еңбек ардагері», «Астанаға –10 жыл» медальдарымен марапатталған. «Қазалы ауданының құрметті азаматы».

Атап айту керек, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай облыста бірқатар іс шаралар аталып өтеді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ЕРЛІГІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Ұлы Жеңіске -80 жыл. Бұл күні соғыс ардагерлерін еске алып, олардың ерліктеріне тағзым ету – өскелең ұрпақтың қасиетті борышы.

Қазақ халқының тарихында ерлік пен еңбектің ұлы үлгісін көрсеткен тұлғалар аз емес. Солардың бірі – соғыс және еңбек ардагері, майдан даласында асқан ерлік көрсетіп, елге оралған соң халық шаруашылығын көтеруге зор үлес қосқан, ауылдастары мен танитындар «Батыр» атап кеткен Тілеуқабыл Қашқынбаев. Оның ғұмыры елге қызмет етудің, табандылық пен қайсарлықтың, адамгершілік пен қарапайымдылықтың, туған жерге деген шексіз сүйіспеншіліктің жарқын бейнесі.

Тілеуқабыл Қашқынбаев 1910 жылы Қазалы ауданы, қазіргі «Сарыкөл» ауылдық Кеңесінде дүниеге келген. Өмірдің тауқыметін ерте көріп, бес жасында анасынан, жеті жасында әкесінен айырылған ол, туыстарының қамқорлығында өседі. Жастайынан еңбекке араласқан Тілеуқабыл 1927 жылы сауат ашу науқанында екі кластық білім алады. 1929 жылы «Бостандық» атты жер серіктігіне мүше болып, ауыл шаруашылығында еңбек етеді.

1932 жылы әскерге шақырылып, сержант шенін алады. Соғыстан бұрынғы жылдары алғашқы майда колхоздардың құрылуына атсалысып, ауыл шаруашылығында белсенді қызмет істейді. «Сол жаға» каналының қазылуына атсалысқаны үшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы М.И. Калининнің қолы қойылған «Алғыс хатымен» марапатталса, 1941 жылдың 6 мамыр күнгі «Қазалықұрлыс» басқармасының бастығы Тұңғышбай Сегізовтың №78 санды бұйрығымен «Алғыс» жарияланады.

Тілеуқабыл Қашқынбаев 1941 жылы майданға аттанып, №57-мотоатқыштар бригадасының құрамында соғысқа қатысып, бірнеше рет ауыр жарақат алып, көшпелі госпитальдарда емделеді. Кейін №273-№599- №729 атқыштар полктарында шайқасқа арала-

сады. 1942-1944 жылдары барлаушы, станокты пулеметтің көздеушісі, пулемет взводы командирінің көмекшісі ретінде отжалынның ортасында жүрді.

Ресей архивінен алынған мадақтау қағазында 1943 жылдың 9 шілдесі күнгі «Поньри» станциясы үшін болған қиян-кескі 7 сағаттық соғыста, Т.Қашқынбаев станокты пулеметпен 75 неміс солдаттары мен офицерлерінің көзін жойып, ауыр жараланғанына қарамастан ұрыс даласын тастамағаны жазылған. Осындaй ерліктері үшін үш орден, төрт медальдармен марапатталған. 1944 жылдың маусымында аяқ, жамбастан ауыр жарақат алып, әскери госпитальде емделген соң, қыркүйек айында екі балдаққа сүйеніп туған жеріне оралған Тілеуқабылды Қазалы вокзалының басында аудандық атқару комитетінің төрағасы Бегімбай Қосаев және СССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Қашақбай Пірімов бастаған аудан басшылары духовой оркестрмен қарсы алып, кейін аудан шаруашылықтарын аралатып, «Халық батыры» ретінде ел-халықпен кездесулер ұйымдастырылған.

Тілеуқабыл Қашқынбаевтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерліктерінің бір кезеңін майдандас досы, Кеңес Одағының батыры, филолог ғалым, профессор Мәлік Ғабдуллин «Алтын жұлдыз», «Сұрапыл жылдар», «Менің майдандас достарым» атты кітабында арқау еткен.

1965 жылы Мәлік Ғабдуллиннің республикалық газетте «Сол жігіттер қайда екен?» атты мақаласы шығып, Қазалы ауданының басшылығына іздеу қағазы келіп, тұрғылықты мекен жайы анықталған соң, арнайы шақырту жіберілген.

Мәлік Ғабдуллин 1965 жылы «Лениншіл жас» газетіне «Сүйінші Тілеуқабыл табылды»-деп жазып, Алматы қаласына шақырып, бір апта қонақ қылған.

Тілеуқабыл Қашқынбаев соғыстан оралған соң еңбекке қайта араласады. 1944-1947 жылдары «Сарыкөл» ауылдық кеңесінің төрағасы, кейін колхоз басқармасы төрағасының

орынбасары, ферма меңгерушісі қызметтерін атқарады.

Әрбір колхоз Ресей жерінен ағаш дайындауға екі адамнан жіберуге, Орталық Комитеттің қаулысы шығады. Қазалы ауданынан «Колхозстрой» мекемесінің бастығы Өтепбергенов Қаражан басқарып, 40 адам ағаш дайындауға аттанады. Бірақ барған азаматтарға жұмысына қарай еңбек ақысы жартылай аванс, жартылай займ түрінде берілуіне байланысты жартысына жуығы елге қайтып кеткен. Алайда Тілеуқабыл аға жанұясымен жұмыс істеп, еңбекқорлығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында айлық жоспарды 240 пайызға артығымен орындаған. Стахановшылар қатарында аға жұмысшы бола жүріп, мекеменің жұмысшылар комитетінің төрағасы болып сайланды. Свердловск облысы, Шалинск ауданының (Хоренко разьезі) Колпаковск атындағы ағаш дайындау мекемесінде Қызылорда облысының және Қазалы ауданының өкілі және Шалинск ауданының депутаты болып сайланды. Дайындалған ағаштарды жолдасы Жұмабайқызы Өркен бухгалтериямен есептесіп, вагонға тиеттіріп, ауданның әр колхозына жөнелтіп отырған. Сол жылдарда жанында болған көптеген қазалылық азаматтар «Тілеуқабыл аға соғыстан келген, басшылық қызметте тәжірибе жинаған, біз көбіміз үйленбеген жастар едік, бізге ақыл кеңесін берді, қамқорлығы мен әділдігін көп көрдік,- деп»-айтып жүреді екен.

Тілеуқабыл Қашқынбаев 1955 жылы елге оралып, ауыл шаруашылығында күріш өсіру, мал шаруашылығы мен құрылыс салаларында белсенді еңбек еткен. Абай колхозында күріш өсіруде жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, бақша бригадирі де болған. 1960 жылдары шопандарды баспамен қамту мәселесін көтеріп, сегіз екі үйлік, 16 малшылар үйін және қолдан ұрықтандыру пункттерін салуды іске асырған. 1966-1972 жылдар аралығында зейнетке шыққанша



шопан болып, әр жүз саулықтан 120-155 аралығында төл алған озат шопандар қатарында болады. Бірнеше мәрте ауылдық, аудандық Кеңестің депутаты, аудандық, облыстық партия комитеттерінің пленум мүшесі болып сайланған.

1970 жылы оның есімі аудандық «Еңбек даңқы» кітабына енгізіліп, еңбектегі жетістіктері үшін бірнеше медаль, құрмет грамоталарымен марапатталған.

Тілеуқабыл Қашқынбаев өмірлік жолдасы Жұмабайқызы Өркенмен екеуі, тәрбиелі төрт қыз, екі ер бала өсірді. 1980 жылы 70 жасында бұл дүниеден озып, Қарақұм беткейіндегі «Шәкен» елді мекеніндегі «Тәпен» қорымына жерленді.

Тілеуқабыл Қашқынбаевтың майдан даласындағы ерлігі мен бейбіт күндегі еңбегі халық жадында мәңгі қалды.

2010 жылы батырдың туғанына 100 жылдық мерейтойына орай Әйтеке би кентіндегі бұрынғы «70 жылдық Октябрь» көшесіне оның есімі берілді. Сонымен қатар, «Ер есімі – ел есінде» атты кітапша жарық көріп, ас берілді. Ол тек майдан даласында ғана емес, бейбіт өмірде де халық игілігі үшін еңбек еткен жан. Оның өнегелі өмірі өскелең ұрпаққа үлгі болып қала береді.

Сержанқожа БЕРДЕНҰЛЫ,
Қазақстан Республикасы
Журналистер
Одағының мүшесі

ТҰРҒЫН ҮЙДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ

Тұрғын үй қорларында өрттің негізгі шығу себептері: отпен байқамай әрекет ету, (темекі шегу, от жағу және тағы басқа); электр жүйесін, электр құралдарын, электр-тұрмыстық құралдарды құрастыру және пайдалану ережелерін бұзу (электр жүйелерінің көнеруі, аса көп жұмыстардан қорғау аппараттарының жарамсыздығы, электр жүйелерінің дұрыс қосылмауы, электр-тұрмыстық құралдардың ұзақ жұмыс істеуі, тұрғын үйлерге электр жүйелерін енгізу); пештер мен түтіндіктердің

дұрыс құрылмауы және пештер мен басқа да жылыту аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы; балалардың отпен ойнауы (қараусыз қалған және тағы басқа, сіріңкемен және күн түсетін заттармен ойнау); өртеу, өрт жіберу.

Өрттің жану белгілерін және өртті анықтаған жағдайдағы іс-әрекет: шұғыл «101» телефонына өртке қарсы қызметіне қоңырау шалыңыз; өрт болған кезде (тұрғын үйден немесе пәтерден) ғимараттан шығып, өзіңізбен бірге өте қажетті құжаттар мен бағалы заттарды алыңыз; өрт туралы

көршілеріңізге хабарлаңыз; газ құбырларын өшіріп, электр ток-тарын ажыратыңыз.

Сақтандыру шаралары. Өрттің туындауының алдын-алу және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мақсатында келесідей өртке қарсы іс-шараларды қолдану қажет:

-тұрғын үйдегі пештер мен мұржаларды үнемі қарау. 3 айда 1 рет мұржаларды тазарту керек;

-тек зауыттан жасалған электр жүйелерін қорғау аппараттарын қолдану;

-үй және құрылыс аймағына іргелес жатқан өртенген қоқыс

уақытында тазартылуы тиіс;

-жиһаздарды, терезе жапқыштарды және басқа да жанғыш заттарды пештен 0,5 м. кем емес ара қашықтықта орналастыру керек;

-әрбір пештің жағу саңылауының алдына 50×70 см кем емес металдық жайма қағуыңыз қажет.

Тұрғындарға ескертеміз! Өрт қауіпсіздік ережесін дұрыс пайдалансаңыз, қайғылы оқиғаларға жол бермейсіз. Отқа абайлықпен қарап, сақ болыңыздар!

Қазалы ауданы
Төтенше жағдайлар
бөлімі

ӘЛІМ АЛПЫСБАЙ МОЛДА



Жанды эпикалық жыршылықты жалпы жыраулық дәстүр аясында, кеңестік кезең қалыптастырған қасаң қағида, таптаурын түйіндермен байланыстырып, әлемдік фольклортану ғылымы әлдеқашан жетілдіріп, белгісін бекіткен озық ғылыми теорияларға негізделген әдістеме тәжірибеге айналып, құбылыс ретінде ерекшелігі ажыратылмай-ақ, ішкі заңдылықтары мен негізіне үңілместен, оның сырт пішіні ғана қарастырылып келе жатқанын білеміз. Сөйтіп, жалпыға ортақ, белгілі нәрселерді күйттей алмай жүргенде, жыршы тұлғасына қатысты жалқы мәселелер, оның ішінде эпос айту дәстүрі иегерлерінің қайсысына болсын тән, жеке шығармашылық, туындапта бастау-белгілер ұжымдық ой-сананың қалқасында қалдырылып, ерекше маңызға ие имплицит қасиеттерге ден қойылмай келеді. Бүгінгі қазақ фольклортануының тамырын басып, аңысын аңдап, тынысына құлақ түретін болсақ, бұл тарапта ғылымыңыз біз айтып отырған соны жазира айдынына жуық арада шыға қоятыны байқалмайды.

Барға ғана байырқаудан, көбенің астын жіті байқай алмаудан болатын сыңаржақ көзқарастардың кесірінен, кеңестік саясаттың салқыны тиген ғылыми мекемелердің шідерлі күйінен болған жүйесіздік, жалпы сүлейлер шығармашылығы бір ізге түсіп, жүйеленбеуі салдарынан дамыған ғылым әуелгі кезекте тындыруы тиіс ең қарапайым нәрсе – өмірбаян дерегінен бастап, туған, дүниеден өткен жылдары, өскен орта, тәлім түйген ұстаздар қауымы, төл туындылары, игерген репертуары, тәрбиелеген шәкірттері сияқты, ендігі жерде қанша қалап, сұрағанымен толық жүйелеп, қалыпқа келтірумүмкін емес сан сұрақтың ізін індетіп, бір жүйеге келтіре алмайтынымыз да ойды сан саққа жүгіртеді. Мұның өзі жыршылық құбылыспен айналысатын ғылыми орта, кәсіби мекемелер әлеуетінің әлсіздігін білдіреді. Әлгіндей себептердің салдарынан ұзақ жыл бойы

көмбе астында қалған асылдың қатарында әлім Алпысбай молда да бар. Ұрпағы жеткізген мәліметтерге иек артсақ, оның XIX ғасырдың белортасы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде, Арал – Қазалы жерінде өмір сүргенін топшылауға болады.

•Талқаны түгесілмеген туынды тағдыры 1987 жылдың жазында, анам Ұлмекен Еркеғұлқызы екеуміз Қызылорда облысы, Арал ауданының іргесінде жатқан «Сөлтірес» елді мекеніндегі төркін жұртына, дәлірегі, осы жерде тұратын жалғыз апасы Жұмагүлді іздеп бардық. Туыстық жағын індетсе, Арал өңірінен шыққан әйгілі алтынбай Жаппарберді жырау – шешемнің нағашы жұрты. Шығармашылығына қатысты мәліметтер қатары тым жұтаң болғанымен, оның есімі Арал – Қазалы топырағында жасаған қарасақал Ерімбет, молда Бәйім, Нұртуған, Нұрмағамбет, Жансүгір, Жаңабержен, Бақытжан, Жәмет, Еңсепбай, Дәріғұл секілді эпикалық мектеп иелері қатарында құрметпен аталады. Ескі мұраны кейінгіге жеткізуші жыршылардың мәліметі «Жаппарбердінің үлкен әні», «Жаппарбердінің сағадағы әні» секілді мақам-саз түрлемесін, яғни Жаппарберді жетістіріп айтқандықтан, соған телінген мақам қатарында танылып жүрген музыкалық мұрасы болмаса, толық шығармашылық ғұмырбаяны түгілі, алдымен өмірбаян деректерінің өзі жазылмаған.

Тарихи Асанқайғының ұлын «жағасында ат суарып тұрған жерінде жайын жұтыпты» деп аңызететін әйгілі «Жақсықылыш» пен «Жаманқылыш» көліне, осы төңіректі ең жайлаған Абат батырдың еліне қатысты айтылатын аңыз-әпсаналар жинауды ниет етіп келген осы сапарымда бөлем Исламның сілтеуімен, Жаппарбердінің немересімен жолықтым. Жыраудың бел баласы Тойбазар бес-алты жыл бұрын дүние салған екен. Асылдан қалған тұяқтың төрінде отырған сәтте көзімнің отын жарқ еткізген жайт – тірісінде әкесінің аузынан, жыраудың мол репертуарынан Тойбазар бірнеше эпикалық туындыларға қоса терме, толғау, айтыс мәтіндерін қолжазбалаған екен. Содан бар шаруаны жиып тастап, кеусандық түбінен шыққан әлгі қолжазбаны парақтауға кірістім.

Таңғалғаным, әдеби үдерісте бұрыннан белгілі «Қырымның қырық батыры» секілді тармақты жырлардың қатарынан тың әрі өзіндік нұсқа ретінде ғылыми айналымға түспеген, Жаппарберді жырлаған «Мәулімнияз – Едіге», «Қарасай – Қазы» секілді эпикалық туындыларды көргенде, жерден жеті қоян тапқандай қуандым. Әрине, жетілген ғылым әзірге Арал өңіріндегі жыршылық дәстүрде, бұрынғы өткен шығармашыл жыршылар арасында тұрақты репертуарға айналған эпикалық туындылардың өзге нұсқаларын салыстырасалғастыра зерттеп, тақырып, мазмұн, сюжет, композиция,

мотив айырмашылығы, одан туындайтын жеке қолтаңба жайын өз алдына қарастыра қойған жоқ. Жетілген ғылымның айдыны игеріліп, тың тәжірибелер қолға алына бастағанда, Жаппарбердінің төл репертуары таптырмас дереккөз ретінде жыршылық түрлеме мен құбылту үдерістерінің ара-жігін ажырату мәселесінде көмекке келері сөзсіз.

Қолжазбалар арасынан көзім шалған ғанибеттің бірі – ғылыми айналымда жоқ, әдеби ортада мүлдем айтылмайтын «Әлім Алпысбай молда мен Паналы қыздың айтысы» еді. Ол жайында сәл кейінірек. Жалпы, әлемдік фольклортану ғылымы жанды эпикалық жыршылық дәстүрде, айтушыны жеке шығармашыл тұлға ретінде қарастыру мәселесінде негізгі тетік болып табылатын басты нәрсе ретінде алдымен оның жеке репертуарын жан-жақты әрі түпкілікті қарастыра отырып, белгілі бір дәстүрге тән өзге де эпик жыршылар қатарымен, болса, әлгі шығарманың солар жырлаған өзіндік түр, өзге нұсқаларымен, бір мектеп аясындағы шәкірт, ұстаз жыршылардың сөз қорымен салғастыра зерттей келе, шығармашыл тұлға ретінде танылған айтушыға тән басты ерекшелікті тәжірибе жұмыстары көрсеткен нәтиже аясында сөз етуге бейіл. Кеңестік фольклортану, оның аясында қалыптасып, дамыған қазақ эпостануында, өкінішке қарай, мұның біріне де көңіл бөлінген жоқ.

Әлгі қолжазбаның алғашқы бетіндегі таңба мынадай: «Арал қалалық Т. Шевченко атындағы қазақ орта мектебінің 7 «б» класының оқушысы Жақсылық Толымбетовтың өлеңге арналған дәптері». Әрине, қарапайым жазу қағазының өзі тапшылық тудырған сол бір қысылтаяң кезеңде, мейлі ол қандай қолжазба болсын, қолға түскен қағазды «олжа» көріп, таңбалай беретін. Міне, осының өзі далалық тәжірибеде жазып алу, таңбалау секілді ерекше ден қойылуы тиіс мәселе қатарында әлемдік фольклортану ғылымы әлдеқашан қол жеткізген, жинаушыға керек кәсіби жарақ рабайда, онда да арнайы мекемеден келген мамандар арасында, солардың ғана қолында болмаса, негізінен ғылымилық қағидаттардың мүлдем сақталмағанын көрсетеді.

Біз шартты түрде «Тойбазар қолжазбасы» атаған, Жаппарбердінің айтып, диктовка жасауынан бірден қағаз бетіне түсірілген әлгі жазбаны да осы қатарға қоямыз. Мұндағы алғашқы 108 жол хат-өлең «Қалам алып, хат жаздым, / Туып-өскен халқыма» деп басталып, «Жақын-жуық көрінсе, / Көрісіп жатыр қол ұстап» деген жолдармен күрмеледі. Ал қарына зұлпықар ілген, дүлдүл мінген Әзірет Әлі мен Дариға қыздың күресін баяндайтын, «Сонда қыз тамам жұртты тыңдатады, / Үстіне сауыт-сайман киіп алды» секілді басы мен аяғы белгісіз, 360 жолдық

11 буынды діни дастанның соңғы тармағы мынадай: «Қолына тиюменен ер дегенге, / Көтеріп шаһизада жерге салды». Сондай-ақ, «Кешегі өткен заманда, / Дін мұсылман аманда» деп басталып, 7 буынды жыр үлгісі 11 буын қара өлең ұйқасымен аралас келіп, «Баба түкті шашты Әзиз, / Баламды сізге тапсырдым» деп күрмелетін, арасына «Төлегеннің қайтпасын білген соң, анасы батасын береді» деген жалғыз жол қара сөз араластырылатын «Қыз Жібек» жырынан жеткен 249 жол да осы қатарда. Олай болса, «Қыз Жібек» лиро-эпосының әзірге бізге белгілі болып отырған 18 нұсқасын Жаппарберді айтқан нұсқамен он тоғызыншы етіп беттестіріп, қырғыз еліндегі мұрағат мұрасы мен Қытай қазақтары арасында сақталған қолжазбаларды салыстырып, салғастыра зерттеу – келешектің үлесіндегі кезек күттірмейтін жұмыстардың бірі болмақ.

Одан әрі бас-аяғы 16 жол қарасөз аралас «Мәулімнияз – Едіге» жырынан үзінді жазылып, кіріспені «бірінші өлең» деп таңбалап, «Талабыңа қарадым, / Тез жүремін ізіммен» деген 7 буынды жыр үлгісі 11 буын қара өлең, бас-аяғы 205 жол көлемде «Отырған көп құлақ сал, Бұл арада жиналып» деген жолдармен түйінделеді. Қолжазбаның орта тұсында, яғни «Қыз Жібек» лиро-эпосынан кейін, «Мәулімнияз – Едіге» жырының алдында, «Тойбазар Жаппарбердиев. Өлең кітап. 20 желтоқсан, 1956 жыл» деген таңба бар. Тап осы таңбаға қатысты, оқырмандарды шатастыратын бірнеше сұрақ туындауы мүмкін. Баласы Тойбазар «өлең кітап» деп атаған дәптердің бетіне таңба түсірілген жылы Жаппарбердінің көзі тірі болуы мүмкін бе? Әлде мұны соған дейін таңбалаған шығармалардың көшірілу мерзімі деп жобалаған жөн бе? Егер әлгі таңба қағаздың бетіне түсірілген жырды жаңалап, «өлең кітапқа» қайта көшіру мерзімін білдірсе ше? Әзірге бұл жағы бұлыңғыр. Сондықтан, әзірге көп сұрақтың құрсауында қалуға мәжбүрміз. Жалпы, Жаппарберді шығармашылығына ден қойған зерттеушілердің мұндай детальдарға да жіті назар аударғаны жөн.

Аталмыш шығармалардың ізіне жалғап жазылған «Әлім Алпысбай молда мен Паналы қыздың айтысы» деген тақырыппен берілген екі ақынның сөз қақтығысының тақырыбы астындағы «Халық арасындағы ақындардың айтыс өлеңдері. Тойбазар Жаппарбердиев. 3 наурыз, 1960 жылы көшірдім. Кете молданың Паналы қыз туралы Алпысбай молдаға баян еткені» деген таңбаға қарап, жалпы бұл үзінділер әкесі Жаппарбердінің мол репертуарынан, сәті түскенде, 1956–1960 жылдар аралығында түртіп алынып отырған немесе қолжазба түрінде жаңғырта көшірілген деп тұжырымдауға болады.

(Жалғасы бар)

Берік ЖҮСІПОВ,
фольклортанушы

ӨКІМ
«07» сәуір 2025 жыл

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 9-бабаның 8-тармағына, Қазалы ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының 2025 жылғы 21 ақпандағы №3 хаттамалық шешіміне сәйкес:

1. Қазалы аудандық Қоғамдық кеңесінің құрамы осы өкімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазалы аудандық Қоғамдық кеңесінің құрамы үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпатар құралдарына және Қазалы аудандық мәслихатының ресми интернет-ресурсына жариялансын.

3. Осы өкім 2025 жылдың 15 сәуірінен бастап күшіне енеді.

**Қазалы аудандық
мәслихатының төрағасы**

Ғ.Әліш

Қазалы аудандық
мәслихаты төрағасының
2025 жылғы «07» сәуірдегі
№7 өкіміне қосымша

Қазалы аудандық Қоғамдық кеңесінің құрамы

1	Берікұлақов Талайлы Әмітжанұлы	Зейнеткер, «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» РҚБ-нің Қазалы аудандық филиалының директоры
2	Түктібай Өмірзақ Алтынбайұлы	Зейнеткер, Қазалы ауданының құрметті азаматы
3	Назымбеков Күнтілес Айдарбекұлы	«Қазалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әдіскері
4	Бисембаев Берік	Зейнеткер, Қазалы ауданының құрметті азаматы
5	Абилов Куншығар Абилович	Қазалы ауданаралық ауруханасы бас дәрігерінің бастапқы медициналық- санитариялық көмек жөніндегі орынбасары
6	Ботабаев Нуркен Ботабаевич	«Нурас и Компания» ЖШС-нің директоры
7	Қияс Әлімжан	«Қазақ зағиптар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Қазалы ауданындағы өкілі
8	Рахметов Абдуали Умирзакович	Қазалы аудандық мәслихатының депутаты
9	Жұмамұрат Жамет	«Қазалы Демеу» мүгедектерді қолдау қоғамы» қоғамдық бірлестігінің президенті
10	Тілеп Ринад Ібайдуллаұлы	Қазалы ауданы әкімі аппаратының басшысы
11	Әлиев Жәнібек Алмасұлы	Қазалы ауданы әкімінің орынбасары
12	Утегенов Сабит Рахметұлы	«LCI-MK» ЖШС-нің Қазалы ауданындағы филиалының директоры
13	Жалғасбаев Нұрғиса Жаппарбергеноұлы	«AMANAT» Партиясы Қазалы аудандық филиалының атқарушы хатшысы
14	Мамбетов Ерсайын Ерманұлы	«Каз Элита сервис» ЖШС-нің директоры
15	Ақпанбетов Нұрбек Нысанбекұлы	Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры

КЕНЕДЕН ТАРАЙТЫН КЕСЕЛДЕН САҚТАНАЙЫҚ!

Конго – Қырым
гемморрагиялық қызбасы (КҚГҚ)
– ауыр сырқатқа немесе өлімге
әкеліп соқтыратын өте қатерлі
ауру. Аурудың қоздырғышы – ви-
рус. Оның негізгі тасымалдаушы-
сы қанында вирусы бар жыныстық
жетілген иксодты кене.

Кене сезім мүшесі өте жақсы
дамыған қансорғыш жәндік. Ке-
нелер мүйізді ірі қара, уақ мал-
дарда, түйелерде, жылқыларда,
жабайы жануарларда, иттерде,
кірпілерде, қосаяқтарда және
құм тышқандарында паразитті
түрде тіршілік етеді. Қанды со-
рып алған кене жұмыртқаларын
кеміргіштердің ініне салып,
одан шыққан личинкалар індегі
ұсақ жәндіктермен қоректеніп,
нимфаға, содан соң жыныстық
жетілген ересек кенеге айнала-
ды. Олар күннің көзі жылысымен
жылуқанды жан-жануарларға,
төрт түлік малға, адамдарға қан
сору үшін шабуыл жасайды.

Кенелер Конго – Қырым
гемморрагиялық қызбасы
ауруының вирусын өз ағзасында
сақтап қана қоймай, ұрпағына
дейін жеткізіп, қоршаған ортаға
таратып отырады. Ағзасында ауру
қоздырғышы бар кене адамды
шаққанда және малды қыркү
кезінде кенемен жанасқанда,
оның қаны адам денесіне тиген-
де КҚГҚ-сы ауруын жұқтыруы
мүмкін.

Конго–Қырым гемморрагиялық
қызбасы - вирустық аса қауіпті
жұқпалы кесел.

Ауру өте күрделі өтеді.
Аурудың қоздырғышы дене-
ге енгеннен бастап аурудың
алғашқы белгілері білінгенге
дейін 2-7 күнге дейін ешқандай
өзгеріс байқалмайды. Ауру кенет-
тен жедел басталады. Адамның
дене қызуы 30-40 градусқа
дейін көтеріліп, бастың, бұлшық
еттердің және буындардың ау-
руы, сонымен қатар бүкіл дененің
қақсап ауруы байқалады.

Науқас адамның, беті, мой-
ны, көкірегі қызарып, көзі
қанталай бастайды, көмекейі
де қызарады. Төртінші, бесінші
күндері науқас адамның денесінде
геморрагиялық бөртпелер, қан
құйылулар, инпекция жасаған
жерде қанталау пайда бола-
ды. Сонымен бірге мұрнынан,
тамақтан, құлақтан, қызыл иектен,
асқазаннан, жатырдан, ішектен
қан кете бастайды. Бұл кезде
науқастың жағдайы нашарлайды,
интоксикация белгілері күшейеді.
Қан қысымы төмендеп, тамыр
соғысы жиілейді, сандырақтаудың
болуы мүмкін.

Әрине дер кезінде науқас
дәрігерге қаралып, дұрыс ем
қабылдаса, науқас жазылып
кетеді.

Конго–Қырым гемморрагиялық

қызбасының диагнозы, яғни
кененің шағуы, кене қанының
адам денесіне түсуі, осы аурумен
қарым- қатынаста болуы диагноз
қоюға негіз болып табылады.

Осы індетке
малшаруашылығымен айна-
лысатын ауыл тұрғындарының,
малшылардың шалдығу қаупі
жоғары. Сондықтан ауру тарата-
тын кенелердің басым көпшілігі
мал қанымен қоректенетін
болғандықтан, малға жабысқан
кенелерді жою індеттің алдын-
алудың алғашқы шараларының
бірі болып саналады. Ауданымыз-
да осы індеттен қолайсыз елді-
мекендердің аумағына және
тұрғындардың жеке малдарына
кенеге қарсы залалсызданды-
ру жұмыстары үкімет тарапынан
бөлінген қаржыға жыл сайын за-
лалсыздандырылып отырылады.

Алдын -алу үшін келесі
ережелерді сақтаған жөн:

1) Көктемгі-жазғы дала
жұмыстарымен айналысқанда не-
месе табиғат аясында демалғанда
ашық түсті киім киіп, дененің
жалаңаш жерлерін мейлінше
қымтау керек. Үйге келген соң
дененің барлық жерін, әсіресе
шаш арасын тексерген дұрыс.

2) Малды қырыққан кезде,
оны күтіп- қарау кезінде кенені
жалаңаш қолмен жұлуға, езуге
болмайды. Қолға резеңке қолғап
киген жөн. Малдан алынған кенені
әр жерге тастамай қағазға орап
өртеп жіберу керек.

3) Денеге жабысқан кезде
вирустың берілуін тоқтату және
жұқтырудың алдын-алу үшін
жабысқан кенені тез алып та-
стау керек. Қорғалмаған қолмен
кенені ұстау қауіпті екенін
естен шығармаған жөн, оны
өзіңіз жұлып алатын болсаңыз,
мына ережелерді сақтау керек:
кененің басы теріге кірген жер-
ге тұмсығының түбінен жіппен
байлап, ырғап отырып алу ке-
рек. Оның тұмсығы тері астында
қалып қойса, іріндеп кетпеуі үшін,
шаққан жерді иодпен сұрту қажет.
Мүмкіндігінше елді-мекен ішінде
болсаңыз емдеу мекемесіне де-
реу барғаныңыз дұрыс.

Еш уақытта кенені қолмен
езбеңіздер! Бұл кезде ауру
жұқтырып алу қаупі бар.

Ең абзалы, мейлінше
сақтанып, кене шаққан жағдайда
уақыт өткізбей дәрігерге көрініңіз!

Перизат ӘБДИЕВА,

ҚР СЭБК

«Ұлттық сараптама

орталығы»

ШЖҚ РМК

Қызылорда облысы

бойынша филиалы

Қазалы аудандық

бөлімшесінің санитариялық-

эпидемиологиялық

қызмет маманы

**Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.**

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компью-
термен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, **бухгалтер** -2-60-94, факс 8 (724-
38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама
беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.